

Ресми рецензент, Қазақстан Республикасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КеАҚ «С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің» клиникалық фармакология кафедрасының профессоры Нургожин Талгат Сейтжановичтың, 8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға бағытталған Балапашева Әйгерім Алдиярқызының «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

Жазбаша пікір

№ п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу (ескертулерді курсивпен бөліп көрсету)
1	Диссертация тақырыбы (бекітілген күні бойынша) ғылымның дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) <u>Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама аясында орындалған (жоба немесе бағдарламаның атауын және нөмірін көрсету қажет).</u> 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету қажет). 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету қажет).	Ғылыми зерттеу жұмыс Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің «Фармакология, клиникалық фармакология» кафедрасында орындалған. Диссертациялық жұмыс Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің ішкі грант бойынша қаржыландырылған «COVID-19 бар науқастарда ілеспелі бактериялық инфекциялар мен антибиотиктерге төзімділіктің фармакоэпидемиологиясы: Ақтөбе облысындағы жағдай» атты ғылыми-техникалық жоба аясында орындалды (№13/2-18-153-н/қ бұйрық, 2022 жылғы 3 наурыз). Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына – «Өмір мен денсаулық туралы ғылым» сәйкес келеді.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлес <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>жақсы ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі COVID-19 пандемиясына дейінгі де және пандемия кезеңінде де бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын бағалаумен байланысты. Бұл тақырып қазіргі заманғы медицина мен қоғамдық денсаулық

			сақтау үшін өте маңызды, себебі ДДҰ мәліметтері бойынша бактерияға қарсы препараттарға төзімділік жаһандық қауіптердің қатарына жатады. COVID-19 пандемиясы кезеңінде антибиотиктерді шамадан тыс қолдану және экономикалық шығындардың өсуі бұл мәселені одан әрі күрделендірді. Осыған байланысты диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында ДДҰ ұсынымдарын іске асыруға және 2023–2027 жылдарға арналған ұлттық жоспар аясында қарастырылған антибиотиктерге төзімділікті мониторингтеу мен оның алдын алуға бағытталған кешенді шараларды енгізуге ықпал етеді.
3	Өз бетінше жұмыс істеу қағидасы	Өз бетінше жұмыс істеу деңгейі: 1) <u>Жоғары;</u> 2) Орташа 3) Төмен 4) Өз бетінше жұмыс істеу жоқ	Жұмысты орындау барысында диссертант барлық кезеңдерді, клиникалық материалдар жиынтығын жинауды, алынған деректерді заманауи ғылыми деңгейде статистикалық өңдеуді және нәтижелерді одан әрі талдауды толықтай дербес жүзеге асырды. Бұл оның ғылыми зерттеу процесінде жоғары деңгейдегі дербестігін және ғылыми тұрғыда өзіндік көзқарасын көрсетеді.
4	Ішкі бірлік қағидасы	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1) <u>Негізделген;</u> 2) Ішінара негізделген; 3) Негізделмеген. 4.2 Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді: <u>1) Көрсетеді;</u> 2) Ішінара көрсетеді; 3) Көрсетпейді.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбының өзектілігі нақты ашылып, жоғары ғылыми деңгейде негізделген. Ол шетелдік, ресейлік және отандық зерттеушілердің ғылыми деректерімен дәлелденіп, ДДҰ және басқа да беделді халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына сәйкес келеді. Эксперттік кеңестің (4.2 тармақ) ескертпесін ескере отырып, зерттеу әртүрлі бейіндегі екі стационарды (көпсалалы және мамандандырылған инфекциялық) қосу арқылы кеңейтілді. Осыған байланысты диссертация тақырыбының тұжырымы нақтыланды: бастапқы «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарында COVID-19 пандемиясына дейінгі және

			<p>кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» тақырыбын «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» деп түзетілді. Диссертациялық жұмыс аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Барлық бөлімдер өзара логикалық түрде байланысқан және зерттеу мақсатына сәйкес келеді. Нәтижелер бірізді түрде баяндалған, сенімді деректерге негізделген және заманауи статистикалық әдістер мен халықаралық деңгейде мойындалған әдіснамалық тәсілдерді қолдану арқылы алынған. Қорытындылар негізделген және қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді.</p>
		<p>4.3 Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>Сәйкес келеді;</u> 2) Ішінара сәйкес келеді; 3) Сәйкес келмейді. 	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері бөліміне нақтылаулар енгізілді: диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері үшінші міндетте Rational Use Index (RUI) көрсеткішін қосу арқылы толықтырылды. Бұл бактерияға қарсы препараттарды ұтымды пайдаланудың интегралды индексі болып табылады және ол DDD көрсеткіштерін, ABC/VEN-талдауының нәтижелерін, сондай-ақ AWaRe жіктемесіне сәйкес тұтыну құрылымын біріктіреді. Нақтыланған мақсат пен міндеттер зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және оның ғылыми жаңалығын ашады. Әрбір міндет қойылған мақсатқа жетуге логикалық және бірізді түрде бағытталған, бұл зерттеудің жүйелілігін және алынған нәтижелердің негізділігін қамтамасыз етеді.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>Толығымен өзара байланысты;</u> 2) Ішінара өзара байланысты; 3) Өзара байланыс жоқ. 	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен қағидалары өзара логикалық тұрғыда құрылған біртұтас құрылымды құрайды. Алынған нәтижелер жүргізілген зерттеуден бірізді түрде туындайды. Жұмыстың құрылымы әдістемелік тұрғыдан негізделген және оған</p>

			<p>мақсат, міндеттер, әдебиеттерге шолу, зерттеу әдістерінің сипаттамасы, нәтижелер мен қорытындылар кіреді. Мұндай тәсіл алынған деректердің сенімділігін және тұжырымдалған қорытындылардың негізділігін қамтамасыз етеді. Ұсынылған қорытындылар мен ұсынымдар ғылыми тұрғыдан дәлелденген және практикалық маңызға ие.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидалар, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырылып, негізделген және бағаланған:</p> <p><u>1) Сыни талдау бар;</u> 2) Ішінара талдау бар; 3) Талдау автордың өз пікірі емес, басқа авторлардың пікірлерін қайталаудан тұрады</p>	<p>Автор екі стационарда COVID-19 пандемиясына дейінгі және пандемия кезеңінде бактерияға қарсы препараттарды тұтынуды ДДҰ ұсынымдарына сәйкес фармакоэпидемиологиялық және клиникалық-экономикалық әдістерді қолдана отырып егжей-тегжей талдады. Rational Use Index (RUI) көрсеткішін қолдана отырып жүргізілген кешенді зерттеудің нәтижелері ғылыми тұрғыдан негізделген және сенімді.</p> <p>Автор ұсынған зерттеу әдістемелерінің негізінде Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің жобаларды басқару тобы мен оқу-әдістемелік бірлестік тарапынан «COVID-19 кезіндегі бактерияға қарсы терапияны оңтайландырудың фармакоэпидемиологиялық және клинико-экономикалық аспектілері» атты дәрігерлер мен білім алушыларға арналған әдістемелік нұсқаулық әзірленіп, 2025 жылғы 8 мамырдағы №532 шешімімен бекітілген.</p>
5	Ғылыми жаңалық қағидасы	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p><u>1) Толығымен жаңа;</u> 2) Ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) Жаңа емес (25%-дан аз жаңа).</p>	<p>Эксперттік кеңестің (4-тармақ) ескертпелерін ескере отырып, автор зерттеудің ғылыми жаңалығының тұжырымын нақтылатып, кеңейтті. Зерттеуге екінші стационардың деректері және пандемия кезеңіндегі пациенттердің стационарлық карталарының антибиотикотерапиясына талдауы қосылды. Бактерияға қарсы препараттарды ұтымды қолдану индексі (Rational Use Index, RUI) арқылы бағалау жүргізілді.</p>

			<p>Зерттеудің жаңалығы мынада:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алғаш рет Ақтөбе қаласының стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезінде (2019–2020 жж.) бактерияға қарсы препараттарды тұтынуға АТС/DDD әдіснамасы негізіндегі фармакоэпидемиологиялық бағалау, ABC/VEN жүйесі бойынша клиникалық-экономикалық талдау және ДДҰ-ның AWaRe жіктемесіне сәйкес антибиотиктерді қолдану құрылымын талдау арқылы бір мезгілде кешенді бағалау жүргізілді. 2. Алғаш рет Ақтөбе қаласының стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезінде (2019–2020 жж.) үш кешенді әдістемелік тәсілді қолдану негізінде бактерияға қарсы препараттарды ұтымды пайдаланудың индексі (Rational Use Index, RUI) анықталды.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>Толығымен жаңа;</u> 2) Ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) Жаңа емес (25%-дан аз жаңа). 	<p>Зерттеу нәтижелері Ақтөбе қаласының екі стационарында антибиотиктерді қолдану ДДҰ ұсынған AWaRe классификациясының негізгі мақсаттарына толық сәйкес келмейтінін көрсетті. Бұл классификация антибиотиктерге төзімділікті шектеуге және бактерияға қарсы препараттарды рационалды әрі қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері негізінде жарияланымдар тізімі халықаралық журналда, Web of Science және Scopus ақпараттық базаларында индексацияланып, Impact Factor көрсеткіші 4,8 болатын Frontiers in Pharmacology журналында жарияланған бір ғылыми мақала қосылды: «Comparative assessment of antibacterial drugs used at the hospital level before and during COVID-19, according to the WHO AWaRe classification».</p>

			Жүргізілген зерттеудің қорытындылары логикалық түрде ұсынылған және ғылыми жаңалықтың жеткілікті дәрежесіне ие.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдер жаңа және негізделген болып табылады ма?</p> <p>1) <u>Толығымен жаңа;</u> 2) <u>Ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u> 3) <u>Жаңа емес (25%-дан аз жаңа).</u></p>	Жүргізілген зерттеу нәтижесінде алғаш рет Ақтөбе қаласының тәжірибелік денсаулық сақтау жүйесіне «Бактерияға қарсы препараттарды қолдану тәжірибесін оңтайландыруда ДДҰ фармакоэпидемиологиялық АТС/DDD әдістемесі» және «Бактерияға қарсы терапияны оңтайлы қолдануды басқарудың құралы ретінде ДДҰ A WaRe жіктелісі» енгізілді (№38 акт, 2024 жылғы 22 қаңтар және №39 акт, 2024 жылғы 22 қаңтар).
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі.	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге <u>негізделген</u> /негізделмеген немесе (qualitative research және өнер мен гуманитарлық ғылымдар бағыттары үшін) жеткілікті түрде негізделген/негізделмеген.	<p>Диссертацияның қорытындылары бактерияға қарсы препараттарды ұтымды пайдалану индексі (Rational Use Index, RUI) деректерімен бөлім нәтижелері толықтырылғаннан кейін нақтыланды. Барлық қорытындылар зерттеу нәтижелерінен логикалық түрде туындап, статистикалық тұрғыдан негізделген.</p> <p>Зерттеу көрсеткендей, антибиотиктерді тұтыну қарқындылығы (DDD/100 төсек-күн) шамамен 2,1 есеге өскен. ABC/VEN талдауы «А» тобына кіретін препараттарға кеткен шығындардың статистикалық маңызды өскенін көрсетті ($p < 0,05$), бұл қымбат дәрілерді қолданудың артқанын көрсетеді. A WaRe классификациясы бойынша Access тобына кіретін антибиотиктердің үлесі ДДҰ ұсынған 60% деңгейінен төмен болса, Watch тобының үлесі рұқсат етілген шекті (30%) екі еседен астам асып кеткен. RUI-A WaRe индексі 19–20 баллға төмендеді, бұл Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және пандемия кезеңінде бактерияға қарсы препараттарды рационалды қолданудың төмендігін білдіреді.</p>

7	Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер.	<p>Әрбір ережеге жеке-жеке жауап беру қажет сұрақтар:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденген;</u> 2) көбінесе дәлелденген; 3) көбінесе дәлелденбеген; 4) дәлелденбеген; 5) қазіргі тұжырымдамасында ереженің дәлелділігін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Ереже тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә 2) <u>жоқ;</u> 3) қазіргі тұжырымдамасында ереженің дәлелділігін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа болып табылады ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иә;</u> 2) жоқ; 3) қазіргі тұжырымдамасында ереженің дәлелділігін тексеру мүмкін емес; <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең;</u> 4) қазіргі тұжырымдамасында ереженің дәлелділігін тексеру мүмкін емес; <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иә;</u> 2) жоқ; 3) қазіргі тұжырымдамасында ереженің дәлелділігін тексеру мүмкін емес; 	<p>Қорғауға ұсынылған барлық тұжырымдар зерттеу нәтижелеріне сәйкес түзетіліп, дәлелденген, логикалық түрде өзара байланысты және бірдей дәрежеде ғылыми жаңалыққа ие. Жұмыста қолданылған АТС/DDD, ABC/VEN, AWaRe әдістері және интегралды RUI-AWaRe көрсеткіші ДДҰ халықаралық ұсынымдарына және дәлелді медицина принциптеріне сәйкес келеді. Алынған нәтижелердің сенімділігі заманауи статистикалық деректерді өңдеу әдістерін қолдану арқылы қамтамасыз етілді ($p < 0,05$). Осы бөлім бойынша негізгі нәтижелер рецензияланған басылымдарда жарияланып, конференциялар кезінде апробацияланған.</p>
8	Сенімділік қағидасы.	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама жеткілікті түрде сипатталған ба?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иә;</u> 	<p>Автор зерттеу барысында қолданған әдістемелер Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына және дәлелді медицина принциптеріне</p>

Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың сенімділігі.	2) жоқ	толық сәйкес келеді. Бұл антибиотикотерапияны рационалды қолданудың кешенді бағасын жүргізуге, оның рационалды қолданылмаған жағдайларын анықтауға және алынған ғылыми нәтижелердің негізділігін арттыруға мүмкіндік берді.
	8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми-зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған ба? 1) <u>иә</u> 2) жоқ	Эксперттік кеңестің (4.3-тармақ) ескертпелеріне сәйкес зерттеу нәтижелері бактерияға қарсы препараттарды ұтымды қолдану индексі (Rational Use Index, RUI) арқылы талдаумен толықтырылып, пациенттердің стационарлық медициналық карталары мен AMRcloud платформасын қолдана отырып жүргізілген микробиологиялық зерттеулер деректері негізінде клиникалық бөлікпен кеңейтілді. Деректерді өңдеу, статистикалық талдау және визуализация заманауи бағдарламалық құралдар арқылы жүргізілді (IBM SPSS Statistics 22, GraphPad Prism 9.5.1, Python тіліндегі scipy.stats және statsmodels модульдерімен Visual Studio Code, сондай-ақ арнайы онлайн-калькуляторлар). Қолданылған әдістер мен бағдарламалық қамтамасыз ету нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етіп, қазіргі заманғы халықаралық ғылыми стандарттарға сәйкес келеді.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеу арқылы дәлелденген (педагогикалық ғылымдар саласында – педагогикалық эксперимент арқылы): 1) <u>иә;</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық теориялық қорытындылары мен анықталған заңдылықтары ретроспективтік, сипаттамалық және көлденең фармакоэпидемиологиялық, сондай-ақ салыстырмалы клиникалық-экономикалық талдаулар нәтижелерімен негізделген. Зерттеу барысында «Медициналық ұйымдағы дәрілік заттардың қозғалысы» жүйесінің деректері және пациенттердің стационарлық медициналық карталары клиникалық база ретінде қолданылып, қазіргі заманғы халықаралық әдістемелік тәсілдерге сәйкес кешенді түрде талданған. Осылайша,

			барлық теориялық тұжырымдар нақты материалға және заманауи талдау әдістеріне сүйеніп, олардың сенімділігін растайды.
		8.4 Маңызды тұжырымдар өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған/ішінара расталған/расталмаған.	Диссертациядағы барлық маңызды тұжырымдар өзектілігі мен сенімділігі бар ғылыми әдебиеттерге, негізінен соңғы жылдардағы басылымдарға сілтемелер арқылы расталған, бұл зерттеудің теориялық негізінің сенімділігін қамтамасыз етеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер әдеби шолу үшін жеткілікті/жеткіліксіз.	Қолданылған әдебиеттер тізімі жаңартылды. Соңғы библиографияда 153 ғылыми дереккөз қамтылған (бастапқыда - 143), олардың ішінде шетелдік жарияланымдар басым, бұл ең маңызды және заманауи жұмыстардың мұқият таңдалғанын көрсетеді. Ұсынылған әдеби деректер көлемі зерттеліп отырған мәселенің қазіргі жағдайын терең талдауға мүмкіндік берді.
9	Тәжірибелік құндылық қағидасы.	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар ма? 1) иә; 2) жоқ	Ғылыми жұмыстың теориялық маңызы күмән қалдырмайды. Алынған нәтижелер ғылыми практикада қолданылатын әдістемелік тәсілдерді ұлттық деңгейде бейімдеуге ықпал етеді және отандық клиникалық фармакологияның теориялық негіздерін толықтырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық мәні бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары. 1) иә; 2) жоқ	Аталған диссертациялық зерттеу қазіргі заманғы медицинаның өзекті мәселесіне арналған және айқын практикалық бағытқа ие. Зерттеу нәтижелері денсаулық сақтау ұйымдарында клиникалық хаттамаларды жетілдіру, дәрілік саясатты қалыптастыру және антибиотиктерге төзімділіктің өсуін тежеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Жұмыстың практикалық маңызы әдістемелік нұсқаулықтың әзірленуімен және бірқатар ресми енгізу актілерімен расталған.

		<p>9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Толығымен жаңа; 2) Ішінара жаңа (25–75% аралығы жаңа) 3) Жаңа емес (25%-дан азы ғана жаңа). 	<p>Зерттеу барысында ұсынылған практикалық ұсынымдар Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында алғаш рет фармакоэпидемиологиялық және клинико-экономикалық деректерге, сондай-ақ бактерияға қарсы препараттарды ұтымды қолдану индексіне (Rational Use Index, RUI) негізделіп әзірленген. Бұл ұсынымдар стационар жағдайында антибиотиктерді ұтымды қолдану саясатын жетілдіруге бағытталған.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы.	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жоғары; 2) Орташа 3) Ортадан төмен 4) Төмен 	<p>Диссертациялық зерттеу дәстүрлі бөлімдерден тұрады: кіріспе, материалдар мен әдістердің сипаттамасы, нәтижелерді ұсыну, талқылау, қорытынды, практикалық ұсынымдар, әдебиеттер тізімі және қосымшалар. Жұмыстың құрылымы логикалық және бірізді болып келеді: зерттеудің мақсаты мен міндеттерін қоюдан бастап, әдіснаманы сипаттауға, алынған деректерді ұсынуға және оларды қолданыстағы ғылыми білімдер контекстінде талқылап, түсіндіруге дейінгі кезеңдерді қамтиды.</p>
11	Диссертация бойынша ескертулер.	<p>Диссертациялық жұмысты рецензиялау барысында ғылыми пікірталас ретінде диссертанттың түсіндіруін қажет ететін келесі сұрақ туындады:</p> <p>1. Rational Use Index (RUI) әдісінің қандай шектеулері бар және болашақ зерттеулердің (мысалы, проспективті деректер) жоспарлары қандай?</p>	
12	Зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың мақалаларының ғылыми деңгейі (егер диссертация мақала сериясы түрінде қорғалса, ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша әрбір	<p>Зерттеу тақырыбы бойынша Scopus және Web of Science деректер базаларының бірінші квартиліне (Q1) кіретін беделді халықаралық рецензияланатын журналдарда 2 (екі) мақала, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБСҚК) ұсынған ғылыми басылымдарда еңбектер жарияланған. Жұмыс нәтижелері жетекші ғылыми-практикалық алаңдарда баяндалып, «Ғылым және жастар: жаңа сын-қатерлер және шешу жолдары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, «Ramonda. Almanac of scientific works» халықаралық конференциясында, сондай-ақ халықаралық қатысумен өткен Қазақстанның клиникалық фармакологтарының IV конгресінде баяндама түрінде ұсынылған. Жарияланған жұмыстар зерттеудің материалдары мен әдістерін толық ашып көрсетіп, қойылған міндеттер мен диссертацияның алынған қорытындыларын қамтиды, сондай-ақ зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми жаңалығын жан-жақты сипаттайды.</p>	

	мақаланың ғылыми деңгейіне түсініктеме береді).	
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес).	Осылайша, Балапашева Әйгерім Алдиярқызының «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» атты диссертациясын рецензиялаудан кейін, бұл зерттеу аяқталған диссертациялық жұмыс болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Диссертация 8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын талаптар мен критерийлерге толық сәйкес келеді. Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Әйгерім Алдиярқызы Балапашеваға философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

Ресми рецензент.

медицина ғылымдарының докторы, профессор

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі

КеАҚ «С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина

университетінің» клиникалық фармакология кафедрасының профессоры



Т.С.Нургожин